



Үкімет (бюджет) резервіне өткізілетін құндылықтарды өткізу, беру, есеп айырысу мен сату тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 27 қазан N 1391. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен.

"Бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2372 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Үкімет (бюджет) резервіне өткізілетін құндылықтарды өткізу, беру, есеп айырысу мен сатудың қоса беріліп отырған тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары, Ұлттық Банкі екі ай мерзім ішінде ведомстволық шешімдері осы қаулымен бекітілген тәртіпке сәйкес келтірілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 27 қазандағы
N 1391 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Үкімет (бюджет) резервіне өткізілетін құндылықтарды өткізу, беру, есеп айырысу және сату ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. "Бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2372 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Үкімет (бюджет) резервіне өткізілетін құндылықтарды өткізудің, берудің, есеп айырысу мен сатудың мынадай тәртібін белгілейді.

2. Үкімет (бюджет) резерві:

а) монеталық алтыннан, күмістен, платинадан және құйма, түйіршік, ұнтақ, сондай-ақ саф түріндегі платина тобындағы металдардан;

б) қаптамалық жұқа алтын мен күмісті қоса алғанда, зергерлік қорытпалардағы, дайындамалардағы және басқа өндірістік-техникалық мақсаттағы басқа да өнімдердегі бағалы металдар;

в) өңделмеген және өңделген күйдегі асыл тастардан;

г) халықтан сатылып алынған, тәркіленген, иесіз мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен, қазына немесе археологиялық қазбалар құрамында табылған бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар және солардың с ы н ы қ т а р ы н а н т ұ р а д ы .

3. Үкімет (бюджет) резервін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ж а н ы н д а ғ ы Қ а з ы н а ш ы л ы қ :

а) құйма және басқа түрдегі бағалы металдарды қазақстандық өндірушілерден , бастапқы саудада және екінші ішкі нарықта, сондай-ақ Үкіметпен контракт негізінде бағалы металдарды өндіру мен ұқсату саласында құрылған бірлескен кәсіпорындардан және дүниежүзілік нарықтан сатып алу;

б) Үкімет (бюджет) резервіне бағалы металдардан, асыл тастардан жасалған тәркіленген иесіз, мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен бұйымдарды т а п с ы р у ;

в) халықтан бағалы металдардан, асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды ломбардтар және Каззергерсауданың сатып алу пункттері а р қ ы л ы с а т ы п а л у ;

г) қазына құрамында немесе археологиялық қазбалар кезінде табылған бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ көтерме алтынды мемлекетке өткізу (сату);

д) республикада және басқа мемлекеттер азаматтарының бағалы металдардан, асыл тастардан жасалған бұйымдарды өз еріктерімен қайырымдылыққа беруі;

е) қымбат металдардың табиғи кесектерін сатып алу жолымен құрады және толықтырады. Қазақстан Республикасының аумағында бағалы металдарды барлау мен өндіру жұмыстарын жүргізетін кәсіпорындардың және шаюшылар артельдерінің бағалы саф металл кесектерін іріктеп алу Үкімет (бюджет) резервіне өткізу ережелері арнаулы нұсқаулығымен реттеледі.

4. Үкімет (бюджет) резервіне заңды тұлғалар, сондай-ақ халық сатқан құндылықтардың құнын төлеу республикалық бюджетін шығыс бөлігінде қарастырылған қаражат есебінен жүргізіледі.

5. Үкімет (бюджет) резервінен құру, пайдалану және сату Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық арқылы жүзеге асырылады. Үкімет (бюджет) резерві құрамындағы бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан

жасалған бұйымдарды Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, төлем құралы ретінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместеріне кепілдіктер беруге пайдалануға жол берілмейді.

6. Үкімет (бюджет) резервіне кіретін құндылықтар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық пен Мемқойма арасында жасалған шарт негізінде Мемлекеттік қазына қоймасында сақталады.

7. Осы тәртіппен белгіленген ережелерді барлық меншік нысанындағы және бағыныстағы шаруашылық жүргізуші субъектілер, оның ішінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыратын құқық қорғау, салық, кеден органдары және ломбардтар сақтауға тиіс.

II. Құндылықтарды Үкімет (бюджет) резервіне өткізу тәртібі

8. Құйма, түйіршік, ұнтақ, басқа да түрде және күйде Үкімет (бюджет) резервіне өткізілетін немесе тапсырылатын бағалы металдар Қазақстан Республикасының оны берушілер орналасқан немесе басқа мемлекеттердің қолданыстағы стандарттарына, не техникалық шарттарына сәйкес буып-түйілуге т и і с .

9. Ломбардтар, сатып алу пункттері, кедендер, Қазақстан Республикасының құқық қорғау, салық органдары асыл тастарды, бағалы металдардан, асыл тастардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ бағалы металдардың сынықтарын бағалы посылкалармен жібереді. Құндылықтар матамен қапталған ағаш немесе картон қораптарға салынуы қажет. Қаптау - тігісті, байламдарды және мөрді (пломбы) бұзбайынша ішіндегі құндылыққа қол жеткізуге мүмкіндік бермейтіндей болуы керек, бұл үшін тігіс іш жағынан жасалып, саңылаусыз болуға тиіс. Қаптың аузы түйіндері жоқ, тұтас жіппен қысып байланып, тігіледі, оның ұштары сүргіш мөрге арналған ойығы бар ағаш тақташаның тесігінен ө т к і з і л е д і .

Посылка жөнелтушінің сүргіш мөрімен мөрленеді және посылканың теңгемен бағалау құны, жөнелтуші мен алушының мекен-жайлары көрсетілген белгі қағазбен жабдықталуы қажет.

10. Қапталмаған ағаш жәшіктер үзілмес үшін оның үстіндегі ойықтар арқылы жүргізілген, қырларындағы тесіктерден өткізілген жіппен немесе сыммен байланады. Жіптің немесе сымның ұшы сүргіш мөрмен мөрленеді немесе п л о м б а л а н а д ы .

11. Құндылықтар салынған посылкалар екі данада ресімделген ілеспе құжатпен (сипаттама, реестр, т.с.с.): біреуі жеке пакетте, ал екіншісі посылканың ішінде құндылықтармен бірге жіберіледі.

12. Лигатуралық салмағында 30 проценттен астам бағалы металдары бар жалпы техникалық мақсаттағы өнімдер Үкімет (бюджет) резервіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылықтың өкілетті органмен немесе дайындаушы-кәсіпорынмен жасаған шарттардың негізінде с а т ы л а д ы .

13. Үкімет (бюджет) резерві бағалы емес металдардан және асыл емес тастардан жасалған бұйымдарды, өндірісте пайдаланылған қымбат металдар мен асыл тастарды және олардың қалдықтарын, қолданыстағы техникалық талаптарға жауап беретін алмастарды қоспағанда), сондай-ақ құрамында 10 проценттен кем алтыны, 30 проценттен кем күмісі бар және бағалы металдары мен асыл тастары жоқ зер бұйымдарды қабылдамайды.

14. Мемқоймаға түсетін және Үкімет (бюджет) резервіне алынатын құндылықтарды қабылдауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тағайындайтын комиссия қажетті жабдықтармен және мүкәммалдармен жабдықталған арнаулы үй-жайларда жүргізеді. Қабылдау кезінде құндылықтарды тапсыруға және қабылдауға тікелей қатысы жоқ адамдардың бұл үй-жайларға кіруіне тыйым салынады.

15. Үкімет (бюджет) резервіне есептеуге жататын құндылықтарды өткізу мен қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің келісімімен бекіткен арнаулы нұсқаулықпен (осы Тәртіптің 6-тармағы) айқындалады.

16. Посылкаға (немесе басқа орынға) құндылықтардың дұрыс салынуына оларды салған және мөрлеген (пломбалаған) адамдар жауап береді.

17. Дайындаушы кәсіпорындардан түскен бағалы металдардың және олардан жасалған бұйымдардың сапасы үшін дайындаушы кәсіпорындар жауап береді.

18. Үкімет (бюджет) резервіне салық, кеден, құқық қорғау органдарынан алынған, осы тәртіптің 2-тармағына сәйкес келмейтін құндылықтар, жіберушінің есебінен, оның өзіне қайтарылады.

19. Мемқойма орауы бұзылған посылкаларды, сондай-ақ қағазға оралған құндылықтарды қабылдамайды.

20. Мемқоймаға құндылықтарда тасымалдау тәртібі "Қымбат металдармен және асыл тастармен, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдармен жүргізілетін операциялар туралы ережелерді бекіту жөніндегі" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қыркүйектегі N 1004 қаулысымен реттеледі.

III. Үкімет (бюджет) резервінен құндылықтарды беру

21. Үкімет (бюджет) резервіндегі бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды беру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

а) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылықтың шетел банктерінде депозитке немесе металл шоттарда Қазақстан Республикасының Үкіметі жасаған кредиттік, не басқа да келісімдерді кепілдікпен қамтамасыз ету ретінде орналастыруы үшін;

б) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылықтың кейін сату үшін дүниежүзілік сауда орталықтарына шығаруы үшін ;

в) берілген лицензияларға сәйкес өндірістік, ғылыми-зерттеу және өзге де қызметтерді жүзеге асыруы үшін екінші ішкі нарықта заңды және жеке тұлғаларға сату мақсатында ;

г) бөлшек сауда кәсіпорындары арқылы немесе аукциондық саудада халыққа зергерлік бұйымдарды сату үшін;

д) мұражайларға, діни немесе өзге де қоғамдық ұйымдарға пайдалануға беру үшін .

22. Үкімет (бюджет) резервіне алынған құндылықтарды Мемқоймадан берудің негізі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі (қаулысы, өкімі) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бойынша тиісті бұйрық болып табылады .

23. Үкімет (бюджет) резервінен құндылықтарды беру тәртібі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен арнаулы нұсқаулығымен (осы Тәртіптің 6-тармағы) белгіленеді және ол барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті .

24. Заңды тұлғаларға құндылықтарды беру - олардың қызметкерлеріне немесе Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің арнаулы байланыс өкілдеріне берілетін бір жолғы сенімхат бойынша, оның жеке басын куәландыратын құжатты қоса көрсеткенде, ал жеке тұлғаларға - Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты мен оның құндылықтарды алуға құқын растайтын құжатты көрсеткенде жүзеге асырылады.

25. Бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды есептеу ерекшелігіне байланысты ағымдағы айдың соңғы күні және желтоқсанның 25-інен 31-іне дейін Үкімет (бюджет) резервінен құндылықтар босатылмайды.

IV. Бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар үшін есеп айырысу

26. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық Үкімет (бюджет) резервіне есептеуге алатын құйма және басқа түрдегі тазартылған бағалы металдар, асыл тастар үшін дүниежүзілік бағаны ескере отырып, бастапқы саудада және екінші ішкі нарықта қалыптасқан келісімді баға бойынша есеп айырысады.

27. Ломбардтардан және сатып алу пункттерінен, сондай-ақ қазына тапқан адамдардан түскен бағалы металдардан, асыл тастардан жасалған бұйымдар үшін есеп айырысулар прејскуранты Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті әзірлейтін және ағымдағы баға бойынша жасалады.

28. Үкімет (бюджет) резервінен заңды және жеке тұлғаларға босатылатын бағалы металдардың, асыл тастардың құнын төлеу 21-тармақтың "в" тармақшасынан сәйкес алдын-ала толық төлеу жағдайында берілген күнгі әлемдік ағымдағы бағаларды ескеру арқылы екінші саудада жинақталатын келісімді бағасы бойынша жүргізіледі.

Төлемге арналған есеп шоттың көшірмесі берілген күн болып саналады.

29. Үкімет (бюджет) резервінен ұйымдардың сатуы немесе пайдалану үшін босатылатын бағалы металдардан, асыл тастардан жасалынған бұйымдардың құнын осы тәртіптің 21-тармағындағы "г" және "д" тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Сынамалық қадағалаудың мемлекеттік инспекциясының, Мемқазынананың, Қаржы министрлігінің, ал қажет болған жағдайда республиканың басқа да министрліктерінің мамандарының сарапшыларының қатысуымен құрылған сараптау комиссиясы анықтайды.

30. Көркем, ғылыми және өзге де құндылықтарға жатқызылған бағалы металдардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдар сараптау комиссиясының қорытындылары бойынша кейін қайтадан сату немесе мұражайларға, діни және басқа да ұйымдарға беру мақсатында қайта жаңғыртуға жіберілуі мүмкін.

31. Бағалы металдармен, асыл тастармен, сондай-ақ үкімет (бюджет) резервіне есептелген және содан босатылған, осылардан жасалған бұйымдармен операциялар жасау жөніндегі есеп айырысу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңы белгілеген салықтар, алымдар мен баждар төленеді.

32. Тәркіленген, иесіз және мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен бағалы заттар қайтарусыз үкімет (бюджет) резервіне есептелінеді.

V. Үкімет (бюджет) резервінен құндылықтарды сату

33. Тазартылған бағалы металдарды шетелдік банктерде депозит ретінде енгізу немесе кейін сату мақсатында металл есеп шоттарында орналастыру үшін

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы негізінде белгіленген квота шегіндегі өкімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық арқылы жүргізіледі.

Аталған ұсыныста ұсыныс жіберілген күнгі жағдай бойынша үкімет (бюджет) резервінде бар тісті құндылықтардың жалпы мөлшері туралы, олардың жоспарланып отырған түсімі туралы және осы құндылықтармен болжамды операциялардан қаражат жұмсаудың нақты бағыттары туралы ақпарат болуы керек.

34. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің берілген лицензия бойынша оларды өндірістік, ғылыми-зерттеу және өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін тазартылған металдарды, зергерлік құймалар мен басқа да өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатуы өкілетті банктердегі металл есеп шоттарда нәтижені көрсету, сондай-ақ бағалы металдарды нақты алмастыру арқылы екінші ішкі нарықта жүргізіледі.

35. Халықтан сатып алынған, тәркіленген, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша үкімет (бюджет) резервіне өткен құрамында бағалы металдар, асыл тастар бар бұйымдарды сату өкілетті банктердегі металл есеп шоттарында нәтижесін көрсету арқылы екінші ішкі нарықта жүргізіледі.

36. Құрамында бағалы металдар, асыл тастар бар бұйымдарды пайдалануға мұражайларға, діни және басқа да ұйымдарға беру осы бұйымдарды сараптау комиссиясы бағалағаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың шешімдері бойынша жүргізіледі.

37. Саф түріндегі бағалы металдарды сату Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес аукциондарда жүзеге асырылады.

Саф түріндегі бағалы металдарды сараптап бағалау және оларды аукциондарда сату Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық өкілдерінің қатысуымен Мемлекеттік қойма жүзеге асырады.

38. Тәркіленгені туралы соттың шешімінің (үкімінің) негізінде үкімет (бюджет) резервіне есептелген бағалы металдарды, асыл тастарды және солардан жасалған бұйымдарды заңды және жеке тұлғаларға қайтару, егер олар сатылмаса немесе белгіленген тәртіппен қайта өңделмесе табиғи түрде жүргізіледі. Аталған бұйымдар сатылған немесе қайта өңделген жағдайда олардың құны Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен баға бойынша қайтарылады.

Жартылай фабрикат, өндірістік және лабораториялық мақсаттағы құйма, кожды, саф түріндегі, сынық түріндегі бағалы металдар (алтын, күміс, платина және платина тобындағы металдар) өңделмеген түрдегі асыл тастар, сондай-ақ

революцияға дейінгі және кеңестік өрнектелген алтын теңгелер иелеріне қайтарылмайды, осы құндылықтардың құны қайтарылған күнгі әлемдік баға ескеріле отырып, екінші саудада қалыптасқан келісімді баға бойынша қайтарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК